2-қосымша
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізу жөніндегі
әдістемелік ұсынымдарға

АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Астана қаласы бойынша департаментінің 2026 жылға арналған қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша

Астана қаласы **13.09.2026 жыл**

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті басшысының *(бұдан әрі – Департамент)* 04.09.2026 жылғы №96-НҚ «Департаменттің 2026 жылға арналған қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығының 1-тармағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабы 5-тармағына, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, мемлекеттік органдардың қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының *(бұдан әрі – «Үлгілік қағидалар»)* 11-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. бөлімшенің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
2. бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2026 жылғы қаңтардан қыркүйекке дейінгі кезеңде жүргізілді.

Департамент басшысының 04.09.2026 жылғы №96-НҚ «Департаменттің 2026 жылға арналған қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығының 2-тармағымен Департаменттің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобы мынадай құрамда айқындалды:

1. Топ жетекшісі – ДКТРМ Астана қаласы бойынша бас маманы – Таушинова Дильназ Қанатқызы;
2. Топ мүшесі – ДКТРМ Астана қаласы бойынша бас маманы – Темиров Алиби Амирович;

3. Топ мүшесі – ДКТРМ Астана қаласы бойынша бас маманы – Әмірбек Арайлым Ғайсақызы;
4. Топ хатшысы – ДКТРМ Астана қаласы бойынша маманы – Кажымурат Нұралы Мүсілімұлы.

«Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – «Департамент») өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Техникалық реттеу туралы», «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы», «Стандарттау туралы», «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне, ЕАЭО-ның, Қазақстан Республикасының техникалық регламенттеріне, ҚР СТ және өз құзыреті шегіндегі басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады.

Ережеге сәйкес Департаменттің негізгі міндеті техникалық реттеу, өлшем бірлігін қамтамасыз ету, сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу және бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды өткізу салаларында мемлекеттік саясатты іске асыру және мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру болып табылады.

Департаменттің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Департамент өз қызметінде Қазақстан Республикасының мынадай нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады:

1. Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу туралы» Заңы
Саудадағы техникалық кедергілер, санитариялық және фитосанитариялық шаралар жөніндегі ақпараттық орталықты құру және оның жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 маусымдағы №387 қаулысы.
Техникалық реттеу бөлігінде техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестікті растау, шартты түрде шығарылған тауарларға қатысты тыйымдар мен шектеулерді сақтау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 28 сәуірдегі №287, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 16 мамырдағы №266 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 2 мамырдағы №500 бірлескен бұйрығы.
Сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарды Еуразиялық экономикалық одақтың сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарының бірыңғай тізілімінің ұлттық бөлігіне енгізу немесе ұлттық бөлігінен алып тастау туралы шешімдер қабылдау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 1

маусымдағы №384-НҚ бұйрығы.
Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларға қойылатын рұқсат беру талаптарын, оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін, сондай-ақ сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау, аттестаттарының қолданылу мерзімін ұзарту және «Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 8 маусымдағы №399-НҚ бұйрығы.
Көлік құралы типін мақұлдауды, шасси типін мақұлдауды ресімдеудің дұрыстығы мен негізділігін тексеру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 8 маусымдағы №397-НҚ бұйрығы.
Тиісті зертханалық практика қағидаларын іске асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 17 маусымдағы №414-НҚ бұйрығы.
Ерікті сертификаттау жүйесін қолдану және оның жұмыс істеу қағидаларын, сондай-ақ тіркелген ерікті сертификаттау жүйелерінің тізілімін жүргізу және көрсетілген тізілімде қамтылған мәліметтерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 22 маусымдағы №422-НҚ бұйрығы.
Сәйкестікті бағалау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің м.а. 2021 жылғы 29 маусымдағы №433-НҚ бұйрығы.
Алынған өнімді сақтау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 21 мамырдағы №349-НҚ бұйрығы.
«Өнімді таңбалауға қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 21 мамырдағы №348-НҚ бұйрығы.
Техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігіне сынақтар жүргізу үшін өнімнің тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 29 мамырдағы №374-НҚ бұйрығы.
Мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі деректерінің тізілімін қалыптастыру, жүргізу және сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 30 маусымдағы №437-НҚ бұйрығы.
Шет мемлекеттердің сәйкестік сертификаттарын, өнімнің сынақ хаттамаларын, сәйкестік белгілерін және сәйкестікті бағалау туралы өзге де құжаттарды тану қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің м.а. 2021 жылғы 29 маусымдағы №434-НҚ бұйрығы.
Техникалық регламенттерді әзірлеу, сараптау, қабылдау, өзгерту және олардың күшін жою қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы №359-НҚ бұйрығы.
Көлік құралы типін мақұлдауды, шасси типін мақұлдауды бекіту және тіркеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 14 мамырдағы №336-НҚ бұйрығы.
Өнімді алып қою туралы қаулының және өнімді айналымға шығаруға тыйым салу туралы қаулының нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 мамырдағы №333-НҚ бұйрығы.
Оқу орталықтарына қойылатын талаптарды, оларды мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі деректерінің тізіліміне енгізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 31 мамырдағы №377-НҚ бұйрығы.
Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу бойынша мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағаларды белгілеу туралы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің м.а. 2021 жылғы 12 қарашадағы №591-НҚ бұйрығы.
Техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімді кері қайтарып алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 29 мамырдағы №373-НҚ бұйрығы.
Тауарлардың шығарылған елін растау мақсатында тауар экспорттаушыларын тауар әкелінетін елдердің ақпараттық жүйелерінде тіркеудің негізділігін верификациялау (тексеру) қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 25 мамырдағы №358-НҚ бұйрығы.
Көлік құралдарын дайындаушыларға халықаралық сәйкестендіру кодтарын беру қағидаларын, көлік құралын дайындаушыға халықаралық сәйкестендіру кодын беру туралы куәліктің нысанын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 27 мамырдағы №368-НҚ бұйрығы.
Бірыңғай тізбеге енгізілмеген, Бірыңғай тізбеге енгізілген, бірақ оларға қатысты техникалық регламенттер қабылданбаған немесе қолданысқа енгізілмеген өнімді айналымға шығару қағидаларын, сондай-ақ жалпы қауіпсіздік туралы декларация қабылданатын өнімнің тізбесін және

жалпы қауіпсіздік туралы декларацияның нысанын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 31 мамырдағы №380-НҚ бұйрығы.
Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларға қойылатын рұқсат беру талаптарын, оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін, сондай-ақ тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторларды аттестаттау, аттестаттарының қолданылу мерзімін ұзарту қағидаларын және «Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторды аттестаттау» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 1 шілдедегі №440-НҚ бұйрығы.
Хабарламаларды ресімдеу, ұсыну және алдын ала бағалау нысанын, тәртібін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 31 мамырдағы №375-НҚ бұйрығы.
Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау, тауардың шығарылған жері туралы сертификатты беру және оның қолданысын жою қағидаларын, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификат нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі №454-НҚ бұйрығы.
Жекелеген салалардағы зертханалық жабдықтардың көлемін (тізбесін) белгілеу туралы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 24 мамырдағы №356-НҚ бұйрығы.
«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2020 жылғы 18 мамырдағы №166-НҚ бұйрығы.
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 23 қаңтардағы №50 бұйрығы.
Техникалық реттеу саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау

критерийлерін және тексеру парақтарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 14 желтоқсандағы №1199 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №826 бірлескен бұйрығы.
Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 26 қаңтардағы №74 және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 19 ақпандағы №113 бірлескен бұйрығына «Техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган мен әкелінетін тауарлардың Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар және осындай құжаттардағы мәліметтер туралы мәліметтермен алмасу жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларын бекіту туралы» өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2022 жылғы 7 маусымдағы №563 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрінің 2022 жылғы 7 маусымдағы №248-НҚ бірлескен бұйрығы.
Тауардың шығу тегін растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2014 жылғы 8 шілдедегі №257 бұйрығы.
Өнімнің өмірлік циклінің сатыларында Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тиісті техникалық регламенттердің талаптарын сақтауға мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органдарды айқындау және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 17 мамырдағы №296 «Техникалық регламенттердің талаптарын сақтауға мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органды айқындау туралы» қаулысының күші жойылды деп тану туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 қазандағы №718 қаулысы.
Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын сапа» сыйлығын алуға арналған конкурсқа қатысушылардың материалдарын ресімдеу, ұсыну және алдын ала бағалау қағидаларын және «Қазақстанның үздік тауары» өңірлік және республикалық конкурстар-көрмелеріне ұсынылатын материалдар мен өнімді ресімдеу, ұсыну және алдын ала сараптамалық бағалау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 шілдедегі №1167 қаулысы.
Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын сапа» сыйлығын алуға арналған конкурс және «Қазақстанның үздік тауары» республикалық конкурсы-көрмесі туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 9 қазандағы №194

Жарлығы.
Кеден одағына мүше мемлекеттер болып табылмайтын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттермен өзара саудадағы техникалық кедергілерді жою туралы Кеден одағына мүше мемлекеттер арасындағы келісімге қол қою туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 7 желтоқсандағы №446 Жарлығы.
Қазақстан Республикасының «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» Заңы
Тексерілетін өлшем құралдары туралы деректерді электрондық есепке алу және оларды мемлекеттік ғылыми метрологиялық орталыққа беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 28 қыркүйектегі №350 бұйрығы.
Тексеру таңбаларын дайындау, сақтау және қолдану қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2014 жылғы 13 маусымдағы №215 бұйрығы.
Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №929 бұйрығы.
Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №928 бұйрығы.
Өлшем құралдарын салыстырып тексерушілерді аттестаттау, қайта аттестаттау және олардың сертификаттарының күшін жою қағидаларын, сондай-ақ оларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №935 бұйрығы.
Өлшем құралдарын салыстырып тексеру жүргізу, өлшем құралдарын салыстырып тексеру мерзімділігін белгілеу қағидаларын және өлшем құралдарын салыстырып тексеру туралы сертификаттың нысанын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №934 бұйрығы.
Өлшем құралдарының типін бекіту, типін бекіту мақсатындағы сынақтарды, өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттауды жүргізу және «Өлшем құралдарының типін бекіту туралы сертификат беру» және «Өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттау туралы

сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін көрсету қағидаларын, өлшем құралдарының типін бекіту туралы сертификаттың нысанын және типті бекіту белгісінің нысанын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №931 бұйрығы.
Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы нормативтік құқықтық актілерге, техникалық регламенттерге, сондай-ақ мемлекетаралық және ұлттық стандарттарға метрологиялық сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №930 бұйрығы.
Өлшем құралдарын бастапқы салыстырып тексеру нәтижелері бойынша айналымға шығарылатын өлшем құралдарының тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің м.а. 2021 жылғы 29 сәуірдегі №306-НҚ бұйрығы.
Өндіруші немесе сатушы буып-түйген кез келген түрдегі орамдардағы өлшеп-оралған өнімнің, сондай-ақ импорттаушы әкелген өлшеп-оралған өнімнің оны өткізу кезінде және сауда операцияларын жасау кезінде иеліктен шығарылатын өнімнің мөлшерінің сәйкестігін мемлекеттік метрологиялық бақылау мақсатында белгілеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 30 маусымдағы №436-НҚ бұйрығы.
Мемлекеттік реттеуге жататын өлшемдердің тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 20 қазандағы №566-НҚ бұйрығы.
Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін және тексеру парақтарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрінің 2022 жылғы 14 наурыздағы №139-НҚ және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 15 наурыздағы №24 бірлескен бұйрығы.
2. Қазақстан Республикасының «Стандарттау туралы» Заңы
Халықаралық, өңірлік стандарттарды (оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында мемлекетаралық стандарттарды келісу, қолданысқа енгізу және олардың күшін жою), шет мемлекеттердің стандарттарын, стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін, техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін, стандарттау жөніндегі өңірлік ұйымдардың стандарттау қағидалары мен ұсынымдарын, техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерін, шет мемлекеттердің стандарттау

жөніндегі қағидаларын, нормалары мен ұсынымдарын қолдану қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 12 желтоқсандағы №870 бұйрығы.
Ұлттық стандарттарды (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда), техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштерін және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, келісу, сараптау, бекіту, тіркеу, есепке алу, өзгерту, қайта қарау, олардың күшін жою және қолданысқа енгізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы №918 бұйрығы.
3. Қазақстан Республикасының «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» Заңы
Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Ұлттық аккредиттеу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 28 маусымдағы №439 қаулысы.
Аккредиттеу субъектілерінің қызметіне мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 мамырдағы №335-НҚ бұйрығы.
Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2008 жылғы 29 қазандағы №430 «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу құжаттарының нысандарын және аккредиттеуге дейінгі, аккредиттеуден кейінгі шарттардың үлгілік нысандарын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 8 маусымдағы №398-НҚ бұйрығы.
Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасының сақталуы жөніндегі тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері мен тексеру парақтарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрінің 2022 жылғы 14 наурыздағы №140-НҚ және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 15 наурыздағы №23 бірлескен бұйрығы.
4. Қазақстан Республикасының «Бағалы металдар және асыл тастар туралы» Заңы
Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Конфедерациясының Федералдық Кеңесі арасында бағалы металдардан жасалған бұйымдардағы сынамалық таңбаны өзара тану туралы

келісімге қол қою туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 16 қарашадағы №816 қаулысы.
Бағалы металдардан және асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды өткізу саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері мен тексеру парағын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 25 шілдедегі №575 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 29 шілдедегі №351 бірлескен бұйрығы.
5. Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі
6. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі
7. Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексі

Қазақстан Республикасының Департамент қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілеріне жүргізілген талдау Департаментте дискриминациялық өкілеттіктер мен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін нормалардың жоқ екенін көрсетті.

Департаменттің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру:

Ағымдағы жылдың 9 айында Департаментпен 48 тексеру, прокуратура органдарымен бірлесіп 34 тексеру, 23 жоспардан тыс тексеру жүргізілді, бару арқылы профилактикалық бақылау – 6, бармай профилактикалық бақылау – 361 жүргізілді (*оның ішінде техникалық реттеу саласындағы заңнаманы сақтау мәселелері бойынша – 237, өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында – 80, сәйкестікті бағалау және аккредиттеу саласында – 27, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған бұйымдар саласында – 16*). Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 802-бабының 1-бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілікке 8 кәсіпкерлік субъектісі тартылды. Жалпы сомасы 44 200 500,00 теңге болатын 77 әкімшілік айыппұл салынды. Оның ішінде 22 939 800,00 теңге өндірілді. 1 кәсіпкерлік субъектісіне қатысты өнімді айналымға шығаруға тыйым салу түрінде жедел ден қою шаралары қабылданды. Сәйкестікті бағалау туралы 22 мыңнан астам құжаттың күші жойылды.

Департамент техникалық реттеу, өлшем бірлігін қамтамасыз ету, аккредиттеу және сәйкестікті бағалау, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған бұйымдар салаларындағы заңнама талаптарын түсіндіру бойынша 975 түсіндіру жұмысын жүргізді.

Мемлекеттік қызметтер көрсетуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау. Ережеге сәйкес Департамент жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызметтер көрсетпейді.

Жасырын мемлекеттік қызметтер көрсетуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау. Департамент жеке және заңды тұлғаларға жасырын мемлекеттік қызметтер көрсетпейді.

Департаменттің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Департаменттің 2025 жылғы штат саны 5 бірлікті құрайды.

2025 жылғы 12 қыркүйектегі жағдай бойынша штат саны – 5 адам, нақты саны – 5 бірлік (*Департамент басшысы және 4 бас маман*).

Персоналды басқару, қаржы, мемлекеттік сатып алу, активтер мәселелері Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінде орталықтандырылған түрде жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 6-бабының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Персоналды басқарудың бірыңғай қызметі (бұдан әрі – ПББҚ) құрылды.

Есепті кезеңде мемлекеттік қызметке алғаш рет қабылданған және мемлекеттік қызметті тоқтатқаннан кейін қайта қабылданған қызметкерлер саны – 2.

Мемлекеттік қызметшілердің кірістері мен мүлкі туралы декларацияларды уақтылы тапсыру бойынша жұмыс жыл сайын ұйымдастырылады. Заңда белгіленген мерзімде Департамент қызметкерлері және олардың жұбайлары 2025 жылға арналған 270-нысан бойынша декларацияны тапсыру туралы хабарламаларды жолдады.

Департаментте 01.01.2026 жылдан 31.08.2026 жылға дейін өз еркімен жұмыстан босатылғандар саны – 1 (басқа жұмысқа ауысуына байланысты).

Есепті кезеңде Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі бекіткен жоспарға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында Департаменттің бас маманы Темиров А.А. «Азаматтардың өтініштерімен жұмыс істеуде ҚР ӘРПК-ны қолдану» тақырыбында біліктілікті арттыру курсынан өтті. Семинардың мақсаты Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (ӘРПК) ережелерін практикада қолдану бөлігінде кәсіби құзыреттерді дамыту болды.

Департамент басшысы Айменов Р.Х., бас мамандар Темиров А.А., Таушинова Д.К., Әмірбек А.Ғ., Кажымурат Н.М. Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы бойынша, сондай-ақ мемлекеттік қызметшінің жұмысында жасанды интеллект құралдарын тиімді қолдану бойынша AI Qyzmet оқытуынан өтті.

Құрылымы бойынша Департаментте бөлімдер мен басқармалар жоқ.

2020 жылдан бастап персоналды басқару, іс жүргізу, конкурстық рәсімдер, мемлекеттік қызметке қабылдау және мемлекеттік қызметтен босату мәселелері, тәртіптік жазаларды қолдану және оларды алып тастау Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Кадр жұмысы және құжаттамалық қамтамасыз ету департаментінің персоналды басқарудың бірыңғай қызметі арқылы жүзеге асырылады. Бұл өз кезегінде аталған бағытта сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің көрініс табу мүмкіндігін болдырмайды.

Қаржы-шаруашылық қызметке байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау. Департаменттің қаржы-шаруашылық қызметі мәселелері 2020 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Қаржы және әкімшілік жұмыс департаментінің Қаржы басқармасы арқылы жүзеге асырылады. Осы бағыт бойынша Департаментте сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің орын алу мүмкіндігі жоқ.

Департаменттің қызметіндегі мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша жүргізілген талдау нәтижесінде мұндай тәуекелдер анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі қызмет

Департаментте 36-60-15 «Сенім телефоны» жұмыс істейді.

Департаменттің жеке интернет-ресурсы жоқ.

Департамент мамандары бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарға талдау жүргізеді. БАҚ мониторингі нәтижесінде Департамент қызметкерлеріне қатысты теріс сипаттағы материалдар, сыни жарияланымдар анықталған жоқ. 2026 жылғы 14.09 жағдай бойынша Facebook әлеуметтік желісінде 179 жарияланым орналастырылған. Facebook желісіндегі жазылушылар саны – 4963.

2026 жылдың 9 айында Департаментке барлығы 212 өтініш келіп түсті, оның ішінде жеке тұлғалардан – 149, заңды тұлғалардан – 63.

Барлық өтініштер қаралып, өтініш берушілерге толыққанды жауаптар берілді. Қарау мерзімдерін бұзу жағдайлары жоқ.

Департаментте сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған жол бермеуге бағытталған жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының және «Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексінің» талаптарын түсіндіру және талқылау мақсатында тұрақты негізде дөңгелек үстелдер мен оқу семинарлары өткізіледі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және оның аумақтық бөлімшелерімен мерзімді түрде кездесулер ұйымдастырылады. Сондай-ақ Департамент қызметкерлері Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі 2026 жылға ұйымдастыратын оқыту семинарларына белсенді қатысады.

Топ жетекшісі –
ДКТРМ Астана қаласы бойынша
бас маманы **Д. Таушинова**

Жұмыс тобының қатысушыларының аналитикалық анықтамамен келісу парағы:

№	Т.А.Ә.	Күні	Қолы
1.	Әмірбек А.Ғ.	13.09.2026жыл	
2.	Темиров А.А.	13.09.2026ж	
3.	Кажымурат Н.М.	13.09.2026ж.	